

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2019 жылғы 25 шілдедегі № 545 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2019 жылғы 31 шілдеде № 19159 болып тіркелді

З Қ А И - н ы ң е с к е р т п е с і !

Осы бұйрықтың қолданысқа енгізілу тәртібін 4 т. қараңыз

БҰЙЫРАМЫН:

1. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің кейбір бұйрықтарына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) "Автомобиль көлігімен жүктерді тасымалдау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 30 сәуірдегі № 546 бұйрығында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12463 болып тіркелген):

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Автомобиль көлігімен жүктерді тасымалдау қағидаларында:

4-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Жүктерді халықаралық тасымалдау халықаралық шарттардың, "Қазақстан Республикасындағы кедендік реттеу туралы" Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 26 желтоқсандағы Кодексінің, Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 17 сәуірдегі № 460 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11779 болып тіркелді) бекітілген Автомобиль көлігімен қауіпті жүктерді тасымалдау қағидаларын, Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 27 наурыздағы № 353 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11704 болып тіркелді) бекітілген Қазақстан Республикасының халықаралық қатынастағы автомобильмен тасымалдарында рұқсат беру жүйесін қолдану қағидаларын және осы Қағидалардың талаптарын сақтай отырып, жүзеге асырылады.";

6-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) 250 километрді (бұдан әрі - км) қоса алғанға дейін - бір тәулік;"

16-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"16. Тауар-көлік жүкқұжатының барлық даналарына жүк жөнелтуші автокөлік құралдың келу, кету және тұру уақытын қояды, сондай-ақ тиеу тәсілін, жүктің салмағын, жүк орындарының санын, тасымалдаушы орындайтын қызметтердің

түрлерін көрсетеді және тауар-көлік жүкқұжаттарын қолмен, мөрмен немесе мөртабанмен растайды.

Жеке кәсіпкерлік субъектілеріне жататын заңды тұлғалар үшін мөрдiң немесе мөртабанның болуы талап етiлмейдi.

Жүк жөнелтушi жүктiң сапасын және жабдықтаушы мен сатып алушының өзара қарым-қатынастарын анықтайтын құжаттарды (сертификаттар, куәландырулар, куәліктер, рұқсаттар және тағы басқа) берген кезде, тасымалдаушы бұл құжаттарды қабылдайды және оларды жүкпен бiрге жүк алушыға бередi.";

17-тармақ мынадай мазмұндағы екiншi бөлiкпен толықтырылсын:

"Жеке кәсіпкерлік субъектілеріне жататын заңды тұлғалар үшін мөрдiң (мөртабанның) болуы талап етiлмейдi.";

22-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"22. Жолдама парақтар тасымалдаушымен берiлген күнiн, тасымалдаушының уәкiлеттi адамының қолымен, тасымалдаушының мөртабанын немесе мөрiн көрсете отырып, осы Қағидаларға 1 және 2-қосымшаларға сәйкес № 4-п және № 4-с нысан бойынша бiр ауысымға (рейске) ресiмделедi.

Жеке кәсіпкерлік субъектілеріне жататын заңды тұлғалар үшін мөрдiң (мөртабанның) болуы талап етiлмейдi.";

27-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) 2007 жылғы 9 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексi, "Өрт қауiпсiздiгi қағидаларын бекiту туралы" Қазақстан Республикасы Үкiметiнiң 2014 жылғы 9 қазандағы № 1077 қаулысы, сондай-ақ "Жолаушылар мен жүктердi тасымалдауға арналған көлiк құралдарына қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекiту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрiнiң 2017 жылғы 31 мамырдағы № 359 бұйрығы (Нормативтiк құқықтық актiлердi мемлекеттiк тiркеу тiзiлiмiнде № 15695 болып тiркелдi) (бұдан әрi - № 359 Бұйрық) талаптарының сақталуын қамтамасыз ету;";

73-тармақ мынадай мазмұндағы екiншi бөлiкпен толықтырылсын:

"Жеке кәсіпкерлік субъектілеріне жататын заңды тұлғалар үшін мөрдiң (мөртабанның) болуы талап етiлмейдi.";

75-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"75. Тез бүлiнетiн азық-түлiк тағамдарын тасымалдау үшін тасымалдаушылар № 359 бұйрықтың талаптарына сәйкес келетiн мамандандырылған автокөлiк құралдарын пайдаланады.

Тасымалдаушылар "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгiленген тәртiппен эпидемиялық маңыздылығы болмашы объект қызметi (пайдаланылуы) басталғаны және тоқтатылғаны туралы халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттiк органды хабардар етедi.";

82 және 83-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"82. Жүк жөнелтуші тез бүлінетін жүктерді тиеу алдында автокөлік құралдарының тасымалдауға жарамдылығына көз жеткізеді, сондай-ақ тез бүлінетін жүктерді тиеу кезінде № 359 Бұйрықтың талаптарының сақталуын қамтамасыз етеді, тез бүлінетін жүктің автокөлік құралының шанағына салыну дұрыстығын және тасымалданатын алдын ала салқындатылмаған тез бүлінетін жүктер сапасының сақталуын қамтамасыз етеді. Жүк жөнелтуші жүк тиелген мамандандырылған автокөлік құралдарын пломбалауды жүргізеді.

83. Тасымалдаушы тез бүлінетін жүктерді тасымалдау үшін мамандандырылған автокөлік құралдарын № 359 Бұйрықтың талаптарына сәйкес техникалық жағынан жарамды болуы және тез бүлінетін жүктерді тасымалдаудың тиісті температуралық режимдерін қамтамасыз ететін күйде ұсынады.

Тасымалдаушы жабдықтың жарамдылығын, тез бүлінетін өнімдерді тасымалдауға арналған мамандандырылған автокөлік құралдарының санитарлық жай-күйінің заңнама талаптарына сәйкестігін қамтамасыз етеді.птарына сәйкестігін қамтамасыз етеді.";

85-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"85. Тез бүлінетін жүктерді тасымалдаудан кейін босаған мамандандырылған автокөлік құралдарын жүк алушы жүктің қалдықтарынан тазартады, сондай-ақ № 359 Бұйрыққа сәйкес жуады және дезинфекциялайды.";

117-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Халықаралық тасымалдар кезінде жүктерді пломбалау "Қазақстан Республикасындағы кедендік реттеу туралы" 2017 жылғы 26 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Кодексімен айқындалады.";

130-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"130. Бандерольдеу жасалған материалдар (қағаз таспа, тоқыма бау және тағы басқа) біртұтас (түйіндерсіз және жалғамасыз) болып табылады және жасаушының немесе жүк жөнелтушінің мөрі (мөртабаны) қойылатын материалдың екі шетін қосатын затбелгіні жапсыру жолымен жалғау орындарында бекітіледі. Жеке кәсіпкерлік субъектілеріне жататын заңды тұлғалар мөрдiң (мөртабанның) орнына қосу орнын уәкілетті адамның қолымен куәландырады.";

133-тармақтың 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"4) тасымалдаушының жүктің осы түрін тасымалдау үшін жарамсыз немесе № 359 Бұйрық талаптарына сай келмейтін автокөлік құралдарын беруі;"

134-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"134. Осы Қағидалардың 133-тармағында көрсетілген тауар-көлік жүкқұжаттарындағы жазулар жүк жөнелтушінің (жүк алушының) және жүргізушінің қолдарымен расталады. Жүк жөнелтушінің (жүк алушының), сондай-ақ жүргізушінің тауар-көлік жүкқұжаттарындағы біржақты жазулары, осы Қағидалардың 19-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, жарамсыз болып табылады.";

144-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Азық-түлік тауарларын тасымалдау үшін автокөлік құралдары техникалық жарамды, таза, бөтен иісі жоқ күйде және № 359 бұйрықтың талаптарына сәйкес ұсынылады.";

146-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"146. Тамақ өнімдерін, материалдарын және өнімдерін тасымалдау үшін арнайы мақсаттағы және (немесе) осындай мақсаттар үшін жабдықталған, № 359 бұйрықтың талаптарына сәйкес келетін автокөлік құралдары пайдаланылады.";

154-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"154. Тиеу кезінде № 359 Бұйрықтың талаптарына сәйкес санитариялық қағидалар мен гигиеналық нормативтердің сақталуын бақылауды - жүк жөнелтуші, ал түсіру кезінде - жүк алушы жүзеге асырады.";

184-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"184. Жүк жөнелтуші тасымалдауға, егер Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 29 мамырдағы № 7-1/496 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11845 болып тіркелді) бекітілген Қазақстан Республикасының аумағында орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілерді тасымалдауды жүзеге асыру қағидаларына сәйкес ветеринария саласындағы уәкілетті орган өзге температуралық режимдерді белгілемесе, осы Қағидаларға 10-қосымшада көрсетілген температураға дейін суытылған етті, қосымша өнімдерді және жартылай дайын ет тағамдарын ұсынады. Жүк жөнелтуші тауар-көлік жүкқұжатында тасымалдауға берілетін тоңазытылған еттің, қосымша өнімдердің және жартылай дайын ет тағамдарының температурасын белгілейді.";

216-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"216. Шаруашылық ауыз суын тасымалдауға арналған автокөлік құралдары № 359 бұйрықтың талаптарына сәйкес ұсынылады.";

229-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"229. Майда даралы өнеркәсіп тауарлары бар жәшіктерді, қораптарды тасымалдауға жүк жөнелтуші бандерольдеп (мөрлеп) ұсынылады. Бандерольдеу жасалған материалдар (қағаз таспа, тоқыма бау және тағы басқа) біртұтас (түйіндерсіз және жалғамасыз) болып табылады және жасаушының немесе жүк жөнелтушінің мөрі (мөртабаны) қойылатын материалдың екі шетін қосатын затбелгіні жапсыру жолымен жалғау орындарында бекітіледі. Жеке кәсіпкерлік субъектілеріне жататын заңды тұлғалар мөрдің (мөртабанның) орнына қосу орнын уәкілетті адамның қолымен куәландырады.

Бандерольдау материалды (қағаз таспаны, тоқыма бауды және басқаларды) жыртпай жүкке қол жеткізу мүмкін болмайтындай жүргізіледі.";

351-тармақ мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Жеке кәсіпкерлік субъектілеріне жататын заңды тұлғалар үшін мөрдiң болуы талап етілмейдi.";

353-тармақ мынадай мазмұндағы екiншi бөлiкпен толықтырылсын:

"Жеке кәсіпкерлік субъектілеріне жататын заңды тұлғалар үшін мөрдiң (мөртабанның) болуы талап етілмейдi.";

2) "Автомобиль көлігі құралдарын техникалық пайдалану қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 30 сәуірдегі № 547 бұйрығында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12221 болып тіркелген):

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Автокөлік құралдарын техникалық пайдалану қағидаларында:

3-тармақ мынадай мазмұндағы 8) тармақшамен толықтырылсын:

"8) арнайы уәкілетті ұйым - MEMCT ISO/IEC 17020-2013 "Сәйкестікті бағалау. Инспекция жүргізетін органдардың түрлі типтерінің жұмысына қойылатын талаптар" мемлекеттік стандарттың талаптарына сәйкес көлік құралдарында орнатылған газбаллонды жабдықтарға мерзімді сынақ жүргізу жұмыстарын жүзеге асыру үшін аккредиттелген заңды тұлға немесе оның атынан әрекет ететін заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшесі.";

33-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"33. Автокөлік құралдарының шанақтарын дезинфекциялағыш ерітінділермен өңдеу Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2017 жылғы 31 мамырдағы № 359 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15695 болып тіркелген) "Жолаушылар мен жүктерді тасымалдауға арналған көлік құралдарына қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.";

65-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"65. Сығымдалған табиғи газбен (бұдан әрі - СТГ) және сұйытылған мұнай газбен (бұдан әрі - СМГ), сұйытылған табиғи газбен (бұдан әрі - СұйтГ) жұмыс істейтін автокөлік құралдарына (бұдан әрі - газбаллонды автокөлік құралдары) техникалық қызмет көрсету мен жөндеу жүргізу газ аппаратурасы үшін газбен және бензинмен қоректендіру жүйелерінің ТҚ және АЖ қосарласа орындалатын технологиялық процесі сияқты, ТҚ және АЖ дербес орындалатын технологиялық процесі сияқты ұйымдастырылуы мүмкін. Жұмыстар мамандандырылған учаскеде жүзеге асырылады. Бұл ретте, бірінші жағдайда, мамандандырылған учаскеге екі дербес пост кіреді, оларда жұмыс бензинмен (дизельдік) және газбен қоректендіру жүйелері үшін бөлек орындалады. Екінші жағдайда, газбен қоректендіру жүйесіне ТҚ және АЖ бойынша жүргізілетін жұмыстар мамандандырылған учаскеде орындалады, ал бензинмен (дизельдік) қоректендіру жүйесіне ортақ посттар мен желілерде орындалады.";

67-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"Газбаллонды автокөлік құралдарына ТҚ және АЖ жұмыстары аяқталғаннан кейін газ аппаратурасының герметиктігін тексеру жүргізіледі. Жоғарғы қысымды газ құбырларының барлық қосылыстары, газ баллондарының мойындары, шығыс және магистральдық вентильдері (жабық және толығымен ашық күйде) герметиктігі тексеруден өткізіледі.

Әрбір газ баллонына оның өндірушісі ресімдеген паспорт беріледі.

Көлік құралында орнатылған әрбір газ баллонында өшірілмейтін мынадай деректер белгіленуі тиіс:

- 1) сериялық нөмірі;
- 2) "СТГ" "СМГ" немесе "СұйтГ" белгісі.

Көлік құралдарындағы газбаллонды жабдықтар арнайы уәкілетті ұйымдарда баллондарды дайындаушы белгілеген және баллонға (баллондарға) арналған паспортта көрсетілген баллондарды куәландыру кезеңділігімен қолданыстағы нормативтік-техникалық құжаттарға сәйкес сынақтан өтеді. Кезендік сынақтардың нәтижелері бойынша көлік құралында орнатылған газбаллонды жабдықтың кезендік сынақтардан өткізілгені туралы куәлік беріледі.

Орнатылған газбаллонды жабдықтың конструкциясына және жиынтығына өзгерістер енгізуге жол берілмейді. Газбаллонды жабдықты жөндеу кезінде енгізілетін өзгерістерді (редукторды немесе баллонды ауыстыру) арнайы уәкілетті ұйымдар газбаллонды жабдығының қауіпсіздік талаптарына сәйкестігі туралы куәлікпен ресімдейді."

2. Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Көлік комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде қазақ және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

"КЕЛІСІЛДІ"

**Қазақстан Республикасының
Ауыл шаруашылығы министрлігі**

"КЕЛІСІЛДІ"

**Қазақстан Республикасының
Денсаулық сақтау министрлігі**

"КЕЛІСІЛДІ"

**Қазақстан Республикасының
Ішкі істер министрлігі**

"КЕЛІСІЛДІ"

**Қазақстан Республикасының
Қаржы министрлігі**

"КЕЛІСІЛДІ"

**Қазақстан Республикасының
Қорғаныс министрлігі**

"КЕЛІСІЛДІ"

**Қазақстан Республикасының
Ұлттық экономика министрлігі**

"КЕЛІСІЛДІ"

**Қазақстан Республикасының
Энергетика министрлігі**